

# Тарихқа тұнған өлке



Ақтүбек ауылдық үлгілі кітапхана-сында он бесінші мамырда «Ақпараттық қызмет және кітапхана» тақырыбында библиографиялық сабақ, ауыл кітапханашылары мен тәжірибе алмасу семинар – кеңес

өткізілді.

Семинарға Сәкен Сейфуллин атындағы кітапхананың міндетін атқарушы Г.Жакупова мен ақпараттық-библиография бөлімінің меңгерушісі Г.Жұмабаева және библиограф С.Бақышева мен кітапханашы А.Берлібаева мен ауылдық кітапханашылар қатысты.

Кітапханашы Б.Анишева «Ақпараттық қызмет және кітапхана» тақырыбында баяндама оқыды. «Ауылым – ақ бесігім» бейнежазбасы көрсетілді.

«Жас толқындар жырлайды» қызығушылық клубының мүшесі Г.Берік ауылға арнаған өлеңін оқыды. Бағдарлама бойынша қонақтарымызды «Тарихқа тұнған өлке» тақырыбындағы өлкетанулық саяхатқа шақырдық. Автобус билеттерін таратып, бірінші аялдама «Атамекен - Ақтүбек», екінші аялдама «Жыр қайнары - Жаңаарқа» кітап көрмелеріне С.Көшеметова шолу жүргізді. Келесі аялдама Сәкен Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай «Сәкен - қайталанбас тұлға» тақырыбындағы кітап көрмесіне кітапханашы Б.Анишева шолу жүргізді.

Бағдарлама бойынша С.Көшеметова «Әдеби лото» ойнатып сергіту сәтін ұйымдастырды. Келген қонақтарға пікірлерін білдіру мақсатында пікір алмасу парақшаларын тараттық.

Шараның қорытындысында Г.А.Жакуповаға сөз берілді. Ақпараттық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Г. Жұмабайқызы мен библиограф маман С.Бақышева саралады.

**Бағлан Жұмағұлқызы АНИШЕВА,**  
**Ақтүбек ауылы**